

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Ата-аналар әр түрлі себептермен әрдайым мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын таңдай бермейді (баланың денсаулық жағдайы, отбасылық жағдайлар, баланы отбасында тәрбиелеудің басымдығы және т.б.). Осыған байланысты, балаларды үйде сапалы тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналарға (заңды өкілдерге) педагогикалық қолдауды күшейту қажеттілігі туындайды.

МДҰ кезінде Үлгілік қағидаларға сәйкес ата – аналардың (заңды өкілдердің) қажеттілігін ескере отырып, басшының бұйрығы негізінде ата-аналарға арналған консультациялық пункттер (бұдан әрі - АКП) құрылады.

АКП Үлгілік бағдарламаны іске асырады, сондай-ақ балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ата-аналарға (заңды өкілдерге) тәрбиелеу, дамыту және күту, балаларды мектепте оқуға дайындау мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді.

АКП құру МДҰ қызметінің үлгілік ережелерімен реттеледі.

Консультациялықпунктібөлеккабинеттеұйымдастыруғанемесеата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған топтық және жеке консультациялар онлайн форматта өткізуге болады.

АКП жұмысының басталуы туралы бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішіндеәлеуметтік желілер арқылы (Facebook, Instagram, Telegram), МДҰ сайты арқылы ата-аналарды (заңды өкілдерді) хабардар ету қажет.

Бұдан басқа, МДҰ сайттарында АКП қызметі туралы ақпараттық, түсіндірме материалдары бар «Консультациялық пункт» айдары жүргізіледі.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірленді.

Ұсынымдарды келесі сілтеме арқылы алуға болады:

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2024/k+17.pdf

Виртуалды әдістемелік кабинеттің «Ата-аналарға арналған»¹⁰ айдарында ата-аналарды педагогикалық сүйемелдеуге арналған материалдар орналастырылған: мектепалды даярлық бойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың іскерліктері мен дағдыларын дамыту мәселелері бойынша педагогтердің, психологтардың және белгілі бір саланың мамандарының кеңестері мен ұсынымдары орналастырылған.

«Ойындар»¹¹ бөлімінде баланы үйде тәрбиелеу және дамыту бойынша дамытушылық ойындары бар бейнероликтер ұсынылған. Барлық бөлімдер нақты уақыт режимінде әдістемелік және ойын материалдарымен толықтырылады.

Сондай-ақ, Институттың youtube-арнасында барлық жастағы балаларға арналған ойын және дамытушылық іс-қимылдарды көрнекі түрде көрсететін737-ден астам бейнероликтер кеңінен қолжетімді.

Бұл маңызды!

«Баршаға қолжетімді сапалыбілім» Ұлттық баяндамасын іскеасыру

бойынша Жол карталарында түрлі нысандағы (балалар клубтары, академиялар, балаларды ойын арқылы қолдау және ерте әлеуметтендіру орталықтары) АҚП қызметін кеңейту жөнінде шаралар қарастырылған.

АҚП-мен балаларды қамту және оларды мектепте оқуға даярлау сапасын арттыру бойынша мониторинг жүргізу үшін келесі КРІ анықталды:

- «Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын 2 жас 4 жасқа дейінгі балаларды консультациялық пункттермен қамту»;

- «Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын мектепалды жастағы (5 жас) балаларды консультациялық пункттер мен қамту».

Мектептердің мектепалды сыныптарында мектепалды даярлықты ұйымдастыру

Балаларды мектепалды даярлау бес жастан бастап МДҰ-да, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында немесе отбасында жүзеге асырылады¹³.

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагог мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа (5-жастағы балалар) арналған Үлгілік жоспар¹⁴ негізінде оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады, біліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейін қадағалау үшін оқу жылына арналған Баланың жеке даму картасын әзірлейді.

Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны - 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған бір іс-әрекеттің ұзақтығы- 20-25 минутты құрайды.

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің бірінші немесе екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады.

Мектепалды сыныптың күнтізбесі:

- таңертеңгі қабылдау;
- таңертеңгі жаттығу;
- ұйымдастырылған іс-әрекет;
- балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперимент жасау, дербес және т. б.);
- серуен;
- жеке жұмыс.

Балалардың дамуын баланың бастамашылығын, пікірімен тілектерін ескере отырып, олар үшін қызықты ойын түрінде жүргізу, сондай-ақ барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен бірге шағын топтарда да ұйымдастырылған іс-шаралар өткізу ұсынылады. Балалар іс-әрекетінің бірнеше түрін бір мезгілде ұйымдастырған кезде балаларға аталған іс-әрекеттің бір түрінен екіншісіне ауысуға рұқсат етіледі, бұл ретте баланы басқа балалармен қызығушылық танытатын қызметтің бір түрінен келесі

қызмет түріне ауыстыру ұсынылмайды.

Бала дамуының жеке картасы мектеп алдындағы сыныптағы барлық балалар үшін толтырылады. Түзету, дамыту іс-шаралары критерийлер бойынша орта және төмен деңгей көрсеткен балалармен жүргізіледі.

Осы оқу жылынан бастап мектепке дейінгі топтар мен сыныптардың балаларын дамытудың жеке картасы ҰБДҚ-ға енгізілді. Жеке картаны толтырудың дұрыстығын бақылауды күшейту қажет, өйткені бала бірінші сыныпқа түскен кезде бастауыш сынып мұғалімі оның негізінде оның оқуының жеке траекториясын анықтайды.

«Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру

Жазғы кезеңде мектепалды даярлықпен қамтылмаған балалар үшін білім беру ұйымдарының жанында ата-аналардың қажеттіліктері ескеріліп, «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлық (бұдан әрі-Бағдарлама) ұйымдастырылады.

Бағдарламаны іске асыру ұзақтығы жазғы кезеңде 1 айды құрайды.

Білім беру ұйымы ұйымдастырылған іс-әрекет сабақ кестесін және графигін дербес бекітеді.

Топтағы/сыныптағы балалар саны-25 адамнан артық болмауы тиіс.

Апталық оқу жүктемесі - 20 сағаттан аспауы тиіс.

Жұмыс тәртібі - аптасына бес күн 4-5 сабақ, ұзақтығы – 10 минуттық үзіліспен - 30 минутты құрайды. Үзіліс кезінде қимылды ойындарды ойнату ұсынылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру үшін жайлы жағдайлар: талаптарға сәйкес жарақтандырылған жеке оқу кабинеті жасалуы қажет.

Бағдарлама Стандарт талаптарына сәйкес Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарлама негізінде әзірленді.

Бағдарламаның **мақсаты** – балаларды бастауыш мектепте оқуға дайындау болып табылады.

Мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай міндеттер көзделеді:

құзыреттіліктерді дамыту (физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларды, балалардың зерттеушілік-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру);

мектепте оқуға тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік-психологиялық дайындықты қалыптастыру;

баланың оқуға ынтасын қалыптастыру;

баланың білім алуға деген қызығушылығы мен қалауын, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауын дамыту.

Бағдарлама мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты көздейді, педагогтер мен ата-аналарға балаларды мектепте оқуға дайындауға мүмкіндік береді.

Бағдарлама мазмұны балалардың психологиялық дайындығын ескере отырып, мектепте оқуға дайындықтың барлық аспектілерін қамтиды.

Баланы ата-аналар өздері тұратын мекенжайға жақын жердегі немесе 1 сыныпқа апаруды жоспарлап отырған орта білім беру ұйымдарындағы «Балақайлар мектебіне» беруіне болады.

Бұлмаңызды!

«Балақайлар мектебі» мектепалды даярлықтың бағдарламасы сілтеме бойынша қолжетімді

https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2024/dr13.pdf

Түрлі жас топтарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидаларына сәйкес жас ерекшелігі әртүрлі жас топтарының толықтырылуы:

- 1) топта жас ерекшелігі екі түрлі (1 жастағы балалар, 2 жастағы балалар) балалар болған жағдайда баласаны-15 баладан артық емес;
 - 2) топта жас ерекшелігі үш түрлі (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар, 5 жастағы балалар) балалар болған жағдайда баласаны-20 баладан артық емес.
- Топта жас ерекшелігі екі және үш түрлі балалар болған жағдайда Перспективалық жоспарда Үлгілік бағдарламасы міндеттері балалардың жасына сәйкес жеке көрсетіліп (мысалы 1 және 2 жастағы балалар үшін) ортақ бір перспективалық жоспар жасалады. Циклограмма жасау кезінде Перспективалық жоспарда ұсынылған міндеттерді іске асыру үшін балалардың түрлі әрекеттері айқындалады. Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру дабалаларға тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілетін жұмыс нысандары

Балаларға сапалы білім беру ата-аналардың білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейіне және ата-аналардың педагогикалық процеске тартылуына байланысты.

Осыған байланысты, ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмыс Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде қарастырылған.

Ата-аналармен жұмыста баланың әлеуметтік жағдайын, отбасы тарихын, мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін, мінезі мен ерекшеліктерін ескеру қажет.

Ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне тартудың мақсаты- балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда ата-аналарға көмек көрсету арқылы оларды педагогикалық процеске белсенді

қатысушылар ретінде тарту.

Міндеттері:

ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;

әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;

балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасымен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;

ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілерімен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.

Ата-аналардың педагогикалық құзыреттілік деңгейін арттыру, МДҰ қызметіне тарту, ата-аналармен жұмыс жасауда отбасылық дәстүрлердің тәжірибесін тарату үшін жұмыстың интерактивті форматын:

- тренингтер, семинарлар, «игі істер күндері» түрінде ата-аналар жиналыстарын өткізу;

- ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес;

- ата-аналар дәрістері, конференциялары;

- ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға бағытталған дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары — сауалнама, тесттер, анкета жүргізу, «сенім телефоны»;

- жеке және топтық консультациялар;

- проблема бойынша пікірталастар;

- «ауызша журналдар»;

- ата-аналарға арналған қонақ бөлмелері;

- сұрақ-жауап күндері, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы;

- балалар әрекеттерінің бейнежазбаларын және режимдік сәттерді

карау, содан кейін талқылау;

- мектепке дейінгі ұйым педагогтерімен кездесу;

- «Ашық есік күндері»;

- тренингтер;

- дөңгелек үстелдер.

- біріккен ойын-сауық шаралары: ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауықтар;

- балалар мен ересектер шығармашылығының, ойынға арналған ойыншықтар жасаудың, көркем әдебиет шығармаларын отбасылық оқу көрмелері;

- «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі»;

- көрнекілік арқылы ақпараттық жұмыстары, газеттер шығару және басқаларын қолдану ұсынылады.

Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың ата-аналары үшін белсенді етудің интерактивті әдістерін қолдану, сұхбаттасу, талқыланатын проблеманы рейтингтік бағалау, әрқилы бірнеше көзқарасты талқылау ұсынылады.